

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҮШІН АҚПАРАТ

Мазмұны

1. ОҚУ ҮЛГЕРІМІ БОЙЫНША СҰРАҚТАР	5
1.1. Оқыту нәтижесі деген не?.....	5
1.2. Үлгерімді ағымды бақылау дегеніміз не?	5
1.3. Бағалауды бөлу қисығы (Bell Curve) дегеніміз не?.....	5
1.4. ҚазҰМУ-да үлгерімді бағалау жүйесі қандай?	6
1.5. Студент қорытынды бақылауды қашан тапсырады?	8
1.6 Аралық аттестаттау дегеніміз не?	8
1.7 Неге пәндер бойынша лекциялар оқылмайды?	9
1.8 Пәнді қайта тапсыру (FX) дегеніміз не?.....	9
1.9 Студент FX бағасын бірінші рет қайта тапсырудан кейін қайтадан қанағаттанарлықсыз баға алса, пәнді тапсыруға оның қандай мүмкіндіктері бар?	9
1.10 Пререквизит дегеніміз не?	11
1.11 Жеке оқу траекториясы дегеніміз не?	12
1.12 Пәнге жазылуды қалай жүзеге асыруға болады?	12
1.13 Студент білуге тиіс университеттің ең негізгі нормативтік құжаттары қандай?	12
1.14 Жоғарыда аталған құжаттармен танысу жайлы құжатқа студент қол қоюға міндетті ме?	13

1.15	Университетте оқытушыны таңдау жүзеге асырылады ма?	13
1.16	Оқытудың барлық уақыты бойы пән бойынша бағалар баллдарын жинақтау механизмі бар ма?	13
1.17	Курстан курсқа ауысуға негізгі талаптар қандай?	13
1.18	Пәнді қайта оқу (перееикл) дегеніміз не?	14
1.19	Қандай себептермен студент ҚазҰМУ-дан оқудан шығарылуы мүмкін?.....	14
1.20	Транскрипт дегеніміз не?.....	16
1.21	Пәнді басқа ЖОО оқып, ҚазҰМУ-да қайта санау мүмкін бе?	16
1.22	Университет басқа жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, мектептерде бұрын игерілген кредиттерді студенттерге қайта санауды жүзеге асыра ма?.....	17
1.23	Стипендия кімдерге тағайындалады?.....	17
1.24	Қандай жағдайда студент өз шәкіртақысынан айырылады?.....	19
1.25	Президент шәкіртақысын кімдер ала алады?	19
1.26	Магистратурада Президент шәкіртақысын кім ала алады?	20
2.	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ БОЙЫНША СҰРАҚТАР	20
2.1	Академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілікті қандай ішкі құжаттар реттейді	20
2.2	Академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілікті қандай ішкі құжаттар реттейді	21
2.3	I санатқа қандай бұзушылықтар жатады?	21
2.4	II санатқа қандай бұзушылықтар жатады?.....	22
2.5	III санатқа қандай бұзушылықтар жатады?	23
2.6	Жазбаша жұмыстар бойынша плагиатқа байланысты бұзушылықтар қандай санатқа жатады	24
2.7	Плагиат дегеніміз не?	25

2.8	Университеттегі академиялық адалдықты бұзу фактілерін кім қарайды?	26
2.9	Білім алушылардың академиялық бұзушылықтары транскрипте көрсетіледі ма?.....	26
2.10	Комплаенс парағы дегеніміз не?	26
3	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ/ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ СҰРАҚТАРЫ	27
3.1	Бір білім бағдарламасынан (мамандықтан) басқа мамандыққа ауысуға болады ма?	27
3.2	Ақылы оқу бөлімінен тегін (грант) оқу бөліміне қалай ауысуға болады?	28
3.3	ҚазҰМУ-дан білім грантын сақтай отырып ауысуға бола ма?.....	30
3.4	Оқуды жалғастыру үшін білім алушылар тізіміне қайта қосылуға бола ма?.....	31
3.5	Білім алушыларға оқу барысында академиялық демалыс алуға болады ма және қанша мерзімге?	31
4	СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР	31
4.1	Академиялық ұтқырлық дегеніміз не?	31
4.2	Академиялық ұтқырлық бойынша оқуға қалай баруға болады?	32
5.	КІТАПХАНА БОЙЫНША СҰРАҚТАР	32
5.1	Сириусте электронды кітаптарды қалай табуға болады?	32
5.2	Web of Science, Scopus, Sciencedirect и EBSCO электронды ресурстарына қалай тіркелуге болады?	33
5.3	Мен басқа қалада тұрамын, пандемияға байланысты келіп ресурстарға тіркелуге мүмкіндік болмай тұр.	33
5.4	Ғылыми кітапхананың жеке сайты мен электронды мекен жайы бар ма?	33
5.5	Электронды кітапханада кітапты жүктеп алуға болады ма?	34
6.	БАСҚА ДА СҰРАҚТАР	34
6.1	Студенттер дауыс беру құқығымен қандай алқалы органдарға қатыса алады? Өз ұсыныстарыңызды ұсыну	34

6.2	Университет студенттерге қандай әлеуметтік көмек көрсетеді?	34
6.3	Оқу ақысын жеңілдетуге кім құқылы?	34
6.4	Студенттер өз ұсыныстарын немесе шағымдарын қалай және қайда жаза алады?	35
6.5	Студент оқу орнынан анықтама қалай алады?	36
6.6	Қандай мекемелерге анықтама беріледі?	36
6.7	Оқу билетін, сынақ кітапшасын, студенттік билетті алуға болады ма?	37
7.	ИНТЕРНАТУРА ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТУРА БОЙЫНША СҰРАҚТАР	37
7.1	Интернатура қанша жыл оқытылады?	37
7.2	Интернатура оқытудың қандай бағыттарын қамтиды?	37
7.3	Интернатура / резидентура аяқталғаннан кейін қызмет қанша жылды құрайды?	37
7.4	Егер интерн 7-ші курста ғана білім грантын алса, оқу бітіргеннен кейін 3 жыл жұмыс істей ме?	38
7.5	Қандай санаттардағы бітірушілер интернатура немесе резидентурадан кейін 3 жыл қызмет етуден босатылады?	38
7.6	Жұмыспен өтеуді жеке медициналық ұйымдарда өтуге болады ма?	38
7.7	Интернатураны аяқтағаннан кейін шетелге оқуға түсе алады ма? 3 жылдық жұмыспен өтеу қалай болады?	38
7.8	Интернатура түлектерді қандай мекемелерде жұмыс жасай алады?	39
7.9	Интерндер мен резиденттердің профессорлық емханаларда тіркелуі міндетті ме?	39
7.10	Резиденттерге ОНАЙ транспорттық карта беріледі ме?	39
7.11	1 оқу жылында резиденттер қалай білім алады?	39
7.12	Резидентурада білім алу уақыты	40
7.13	Интерн/резиденттер жұмыс істей алады ма?	40

№	СҰРАҚ	ЖАУАП	МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ
1. ОҚУ ҮЛГЕРІМІ БОЙЫНША СҰРАҚТАР			
1.	1.1.Оқыту нәтижесі деген не?	Білім алушы білуі, түсінуі және/немесе оқу процесі аяқталғаннан кейін орындай алуы тиіс күтілетін көрсеткіштер. Олар бір пәнге, модульге немесе оқу кезеңіне де, жалпы білім беру бағдарламасына да қатысты болуы мүмкін.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
2.	1.2.Үлгерімді ағымды бақылау дегеніміз не?	Бұл студенттің пәнді оқудың барлық кезеңінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардың (СӨЖ, СОӨЖ) тапсырмаларын орындағаны үшін жүйелі түрде алатын бағалары. Тапсырмалар түрлері және ағымдағы бақылау бойынша бағалар саны пәннің силлабусында егжей-тегжейлі сипатталады. Әрбір студент "Сириус" ААЖ жүйесіндегі өзінің жеке кабинетінде пәннің силлабусымен алдын ала таныса алады.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
3.	1.3.Бағалауды бөлу қисығы (Bell Curve) дегеніміз не?	Бағалауды бөлу қисығы (Bell Curve) – оқыту мен баға қоюдың статистикалық талдауының негізгі элементі, емтихан сессиясының қорытындылары бойынша білім алушылардың бағаларын қалыпты бөлу диаграммасы түрінде алынатын, яғни оның негізінде бағаларды саралау қағидаты жатыр, оған сәйкес "өте жақсы" (A, A-) және "жақсы" (B+, B, B-) бағалары осы топтың барлық студенттерінің 35% – ынан аспайды, ал "қанағаттанарлықсыз" (F, FX) бағасы кемінде 10% - ды алады. Бұл ретте барлық студенттердің кемінде 55% - ы C+, C, C -, D+, D бағаларын алуы тиіс. Оқытушылар	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

		<p>бағалаудың барлық диапазонын пайдалану кеңдігімен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Бағалауды бөлу қисығын қолдану құзыреттілікті бағалау девальвациясының аномальды масштабына байланысты, яғни мұғалімдер көбінесе бағаларды аса көтеріп және орташалап бағалайды, сонымен қатар студенттердің арасында ең көп / ең аз сауатты және құзыреттілерін ерекшелемейді.</p> <p>Bell Curve негізгі мәні - силлабустарда және жұмыстарды бағалау парақтарында айқындалған бағалау критерийлері бойынша, пәннің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, білім алушыларды осы бағалау критерийлерімен міндетті түрде алдын ала таныстыра отырып, оқытушылардың бағалаудың барлық диапазонын 0% - дан 100% - ға дейін пайдалану кеңдігін талдау.</p> <p>Қисық (Bell Curve) қалыпты бөлу процесінде бағалар келесі арақатынаста бөлінуі керек (университеттер, академиялық адалдық лигасының мүшелері мұны ұстануға тырысуы керек):</p> <p>"A", " A - " (90-100 %) - реферативтік топтағы студенттердің жалпы санының 10% - ынан аспайды;</p> <p>"B+", " B", " B - " (75-89%) - реферативтік топтағы студенттердің жалпы санының 25% артық емес;</p> <p>"C+", " C", " C - " (60-74%) - реферативтік топтағы студенттердің жалпы санының кемінде 30% ;</p> <p>"D+", " D", " D - " (50-59%) - реферативтік топтағы студенттердің жалпы санының кемінде 25%;</p> <p>"F" (0-49%) - реферативтік топтағы студенттердің жалпы санының кемінде 10% - ы.</p>	
4.	1.4.ҚазҰМУ-да	Университетте Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-	білім берудің барлық

	<p>үлгерімді бағалау жүйесі қандай?</p>	<p>рейтингтік әріптік жүйесі жұмыс істейді:</p> <p>"Өте жақсы" бағасы (90-100 балл аралығында) - білім алушы сабақ тақырыбын терең түсінуді, логикалық ойлау қабілетін, дағдыларын көрсетеді, үнемі қосымша әдебиеттерді оқиды және пәннің белгілі тақырыптары бойынша терең талдау жасайды, деректер базасымен және іздеу жүйелерімен (Pubmed, Medline, Cochrane және т.б.) өз бетінше жұмыс істейді, ғылыми жарияланымдарды таба алады және сыни бағалай алады, әдеби шолулар жасайды.</p> <p>"Жақсы" бағасы (70-89 балл аралығында) - білім алушы білім мен дағдылардың қажетті мөлшеріне ие және тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде оларды дұрыс қолданады, пән бойынша негізгі әдебиеттерді оқиды, мәліметтер базасымен өз бетінше жұмыс істейді.</p> <p>"Қанағаттанарлық" баға (50-69 балл аралығында) – білім алушы пәннің тек негізгі материалының білімі мен дағдыларының көлеміне ие, тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезінде қиналады, дәлсіздіктерге жол береді, бастамашыл емес, қол жетімді ақпарат көздерін нашар пайдаланады.</p> <p>"Қанағаттанарлықсыз" баға (0-49 балл аралығында) – білім алушы қажетті білім мен дағдылардың ең аз көлеміне ие емес, әдебиетті оқымайды, талапсыз, қолжетімді ақпарат көздерін пайдаланбайды.</p> <p>Чек-парақтар бойынша толық критерийлер пәннің силлабусында сипатталады</p>	<p>деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>
--	--	---	--

5.	<p align="center">1.5. Студент қорытынды бақылауды қашан тапсырады?</p>	<p>Әрбір пән бойынша қорытынды бақылау аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) кезеңінде жүргізіледі. Қорытынды бақылау формалары: емтихан немесе дифференциалды сынақ болуы мүмкін. Емтихан және диф. сынақтар тапсыруға ЖРБ кемінде 50 балл жинаған білім алушылар жіберіледі. Мүмкін болатын ең жоғары баға - 100 балл. Емтихан/диф.сынақтың түрлері мен бағалау критерийлері сипаттау егжей-тегжейлі сипатталады.</p> <p>Егер емтихан екі кезеңнен тұрса, онда студенттер бір кезеңді (тәжірибелік) пән/цикл аяқталғаннан кейін, ал екінші кезеңді (тестілеу/жазбаша) аралық аттестаттау кезінде тапсырады. Емтиханның соңғы бағасы келесідей қалыптасады-бірінші кезеңдегі бағаның 50% және екінші кезеңдегі бағаның 50%. Қорытынды баға ведомостары аралық аттестаттау кезеңінде қалыптастырылады, яғни студенттер пәннің қорытынды қорытынды бағасын аралық аттестаттау кезеңінде жеке кабинетте біле алады.</p>	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>
6.	<p align="center">1.6 Аралық аттестаттау дегеніміз не?</p>	<p>Емтихан сессиясы кезеңінде білім алушылардың оқу пәнінің мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында ЖОЖ-ға сәйкес пәнді оқу аяқталғаннан кейін жүргізілетін рәсім.</p> <p>Аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) әр семестрден кейін емтихандардың санына байланысты ұзақтығы 2-ден 4 аптаға дейінгі мерзімде өткізіледі.</p> <p>Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша шәкіртақы тағайындалады, нәтижелері келесі курсқа ауыстыру үшін негіз болады.</p>	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>

7.	<p align="center">1.7 Неге пәндер бойынша лекциялар оқылмайды?</p>	<p>Әр пән бойынша дәрістік материалдар бейнедәрістер/презентациялар түрінде қарастырылған және кафедра студенттеріне пәнді оқудың ең басында ұсынылуы тиіс.</p> <p>Кредиттік оқыту технологиясына сәйкес студенттерге аудиторияларда белгілі бір кестеге байланып қалмауға және студенттердің үлкен легін қалыптастырмауға, кез келген уақытта және кез келген форматта материалды өз бетінше зерделеу үшін көбірек мүмкіндіктер беріледі.</p>	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>												
8.	<p align="center">1.8 Пәнді қайта тапсыру (FX) дегеніміз не?</p>	<p>Егер студент емтихан немесе диф. сынақ бойынша 25-49 балл алса, ол "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" бағаны бір рет қайта тапсыруға міндетті. Студенттің аралық аттестаттау кезінде қайта тапсыру кестесіне сәйкес пәнді қайта оқымай бір реттен артық қайта тапсыруға құқығы жоқ. Қайта тапсыруды жазғы қосымша семестрге ауыстыруға рұқсат етілмейді.</p>	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>												
9.	<p align="center">1.9 Студент FX бағасын бірінші рет қайта тапсырудан кейін қайтадан қанағаттанарлықсыз баға алса, пәнді тапсыруға оның қандай мүмкіндіктері бар?</p>	<p>Иә, студенттің аралық аттестаттау кезінде бір рет қана тапсыруға мүмкіндігі бар.</p> <p>Толығырақ төмендегі кестеден қараңыз:</p> <table border="1" data-bbox="730 1054 1637 1445"> <thead> <tr> <th data-bbox="730 1054 869 1445">Пәнде р/мод ульдердің артық шыл ығы</th> <th data-bbox="869 1054 1014 1445">Бірінші тапсыру (сессия)</th> <th data-bbox="1014 1054 1167 1445">Қайта тапсыру нәтижесі (1 реттен артық емес)</th> <th data-bbox="1167 1054 1299 1445">Жазғы семестр</th> <th data-bbox="1299 1054 1451 1445">Қайта тапсыру (1 реттен артық емес)</th> <th data-bbox="1451 1054 1637 1445">Процедуралар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>	Пәнде р/мод ульдердің артық шыл ығы	Бірінші тапсыру (сессия)	Қайта тапсыру нәтижесі (1 реттен артық емес)	Жазғы семестр	Қайта тапсыру (1 реттен артық емес)	Процедуралар							<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>
Пәнде р/мод ульдердің артық шыл ығы	Бірінші тапсыру (сессия)	Қайта тапсыру нәтижесі (1 реттен артық емес)	Жазғы семестр	Қайта тапсыру (1 реттен артық емес)	Процедуралар										

Пререквизитті ЕМЕС пәндер	Рұқсат етілмеді	-	Рұқсат етілмеді	Қайта тапсыру жоқ	Академиялық қарызы12 ECTS аспаған кезде курстан курсқа ауысады
	Рұқсат етілмеді	-	F		
	F	-	F		
	F	-	Рұқсат етілмеді		
	FХ	FХ	FХ	FХ/ F	
	FХ	F	FХ	FХ/ F	
	FХ	F	F	-	
	FХ	F	Рұқсат етілмеді	-	
	F	-	FХ	FХ/ F	
	Рұқсат етілмеді	-	FХ	FХ/ F	
Пререквизитті пәндер	Рұқсат етілмеді	-	Рұқсат етілмеді	Қайта тапсыру жоқ	Ақылы негізде қайталап оқу жылы.
	Рұқсат етілмеді	-	F		

		<table border="1"> <tr> <td>йді</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>F</td> <td>-</td> <td>F</td> <td></td> </tr> <tr> <td>F</td> <td>-</td> <td>Рұқсат етілмейді</td> <td></td> </tr> <tr> <td>FX</td> <td>F</td> <td>F</td> <td></td> </tr> <tr> <td>FX</td> <td>F</td> <td>Рұқсат етілмейді</td> <td></td> </tr> <tr> <td>FX</td> <td>FX</td> <td>FX</td> <td>FX/ F</td> </tr> <tr> <td>FX</td> <td>F</td> <td>FX</td> <td>FX/ F</td> </tr> <tr> <td>F</td> <td>-</td> <td>FX</td> <td>FX/ F</td> </tr> <tr> <td>Рұқсат етілмейді</td> <td>-</td> <td>FX</td> <td>FX/ F</td> </tr> </table>	йді				F	-	F		F	-	Рұқсат етілмейді		FX	F	F		FX	F	Рұқсат етілмейді		FX	FX	FX	FX/ F	FX	F	FX	FX/ F	F	-	FX	FX/ F	Рұқсат етілмейді	-	FX	FX/ F	
йді																																							
F	-	F																																					
F	-	Рұқсат етілмейді																																					
FX	F	F																																					
FX	F	Рұқсат етілмейді																																					
FX	FX	FX	FX/ F																																				
FX	F	FX	FX/ F																																				
F	-	FX	FX/ F																																				
Рұқсат етілмейді	-	FX	FX/ F																																				
10.	1.10 Пререквизит дегеніміз не?	<p>Пререквизиттер (Prerequisite) - оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды қамтитын пәндер.</p> <p>Пререквизиттік пәндер бойынша қорытынды баға алмаған студенттер келесі курсқа өте алмайды. Білім беру бағдарламаларының/мамандықтардың пререквизиттерінің тізбесі Академиялық саясаттың 1-қосымшасында берілген.</p>	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін																																				

11.	1.11 Жеке оқу траекториясы дегеніміз не?	<p>Оқытудың кредиттік технологиясының қағидаттарының бірі жеке білім беру траекториясын құру болып табылады. Осы қағидаға сәйкес студент бірінші курстан бастап (1 курста, негізінен міндетті пәндер) оқу жылына арналған Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) жасайды.</p> <p>Студенттерге ЖОЖ үшін пәндерді таңдауда эдвайзерлер көмектеседі. ЖОЖ оқуға міндетті пәндерден және сіздің таңдауыңыз бойынша оқытылатын пәндерден (элективтер) тұрады. Элективті пәндер каталогы студенттерге Сириус ААЖ-де қолжетімді. Студенттер академиялық күнтізбеге сәйкес пәндерге тіркелуі керек.</p>	Бакалавриат, интернатура студенттері үшін
12.	1.12 Пәнге жазылуды қалай жүзеге асыруға болады?	<p>Пәндерге тіркелу академиялық күнтізбеге сәйкес мерзімде жүзеге асырылады.</p> <p>Элективті пәндер каталогы (ЭПК) студенттерге Сириус ААЖ-де пәндердің қысқаша мазмұнымен және күтілетін оқу нәтижелерімен танысу үшін қолжетімді. Пәндерге тіркелу Сириус ААЖ-де студенттің жеке кабинеті арқылы жүзеге асырылады.</p>	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
13.	1.13 Студент білуге тиіс университеттің ең негізгі нормативтік құжаттары қандай?	<ol style="list-style-type: none"> 1. 2020-2021 оқу жылына арналған академиялық саясат 2. Білім алушылардың академиялық адалдық Кодексі 3. Білім алушылардың ішкі тәртіп ережелері 4. "С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" КЕАҚ білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу туралы ереже 5. Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту форматында ұйымдастыру Ережелері (9-қосымша) 	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

14.	1.14 Жоғарыда аталған құжаттармен танысу жайлы құжатқа студент қол қоюға міндетті ме?	ЖОО-ның академиялық саясатына сәйкес оқу жылының басында білім алушылар университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен танысуға және тиісті мектептердің деканаттарында танысу парақтарына қол қоюға міндетті.	
15.	1.15 Университетте оқытушыны таңдау жүзеге асырылады ма?	2019-2020 оқу жылында оқытушыны таңдау Қоғамдық денсаулық сақтау және Мейірбике ісі мамандықтарына толығымен жүзеге асырылды. Қалған мамандықтар бойынша студенттердің үлкен контингентіне байланысты Сириус жүйесіндегі техникалық мүмкіндіктер түзетілуде.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
16.	1.16 Оқытудың барлық уақыты бойы пән бойынша бағалар баллдарын жинақтау механизмі бар ма?	Жіберу рейтингісін (ЖРБ) есептеу кезінде пәнді оқу кезеңінде оқытушы қойған барлық бағалар ескеріледі, силлабуста толық таныса аласыз. Диф.сынақ бағасын алу үшін аралық бақылау кезеңінде алынған барлық бағалар ескеріледі, олардан емтихандық баға қалыптасады, силлабуста толық таныса аласыз.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
17.	1.17 Курстан курсқа ауысуға негізгі талаптар қандай?	Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру үшін негізгі талаптар мыналар болып табылады: 1. Білім алушының жеке оқу жоспарына сәйкес пәндерді меңгеру: - Пререквизитті пәндер бойынша берешектердің болмауы; - пререквизит болып табылмайтын пәндер бойынша 12 ECTS-тен аспайтын академиялық қарызы бар білім алушылар ауыстырылуы мүмкін.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

		<p>- бірінші курс студенттері үшін: бірінші академиялық кезең пәндері бойынша қарыздардың болмауы.</p> <p>2. алдыңғы оқу жылының барлық пәндері бойынша берешектерді жою</p> <p>3. қаржылық қарыздың болмауы.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген талаптардың бірі сәйкес келмеген жағдайда білім алушылар ақылы негізде қайта оқу жылына қалады, мемлекеттік білім беру грантынан айырылады.</p>	
18.	1.18 Пәнді қайта оқу (перееикл) дегеніміз не?	Бұл "қанағаттанарлықсыз" (retake) қорытынды бағасын алған жағдайда немесе үлгерімнің орташа балын (GPA) жоғарылату мақсатында ақылы негізде пәнді қайта өту.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
19.	1.19 Қандай себептермен студент ҚазҰМУ-дан оқудан шығарылуы мүмкін?	<p>Студент университеттен шығарылуы мүмкін:</p> <p>1) академиялық үлгермеушілігі үшін (9 ECTS және одан жоғары академиялық қарыз, қайта оқу жылынан бас тарту немесе қайта оқу жылына академиялық кезең басталғанға дейін 5 күн бұрын кіріспегенде, қорытынды аттестаттау бойынша "қанағаттанарлықсыз" баға алған, дипломдық жұмысты (жобаны) немесе магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамаған немесе «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: кешенді емтихан тапсырмаған»)</p> <p>2) академиялық адалдық қағидаттары мен нормаларын (Академиялық адалдық Кодексін) бұзғаны үшін</p> <p>3) оқу тәртібін бұзғаны үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бұйрыққа сәйкес көрсетілген мерзімде академиялық демалыстан оралмаған ретінде; - 30 күн ішінде шетелдік іссапардан қайтып келмеген 	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

		<p>ретінде;</p> <ul style="list-style-type: none">- оқу сабақтарын себепсіз жүйелі түрде өткізіп алғаны үшін (қатарынан өткізіп алған күндер саны 30);- университетпен байланысты жоғалтқаны үшін (30 күн бойы себепсіз болмауы);- университет Жарғысын немесе университеттің өзге де нормативтік құжаттарын бұзғаны; Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзғаны үшін;- сабақтарда алкогольдік немесе есірткілік мас күйде болғаны үшін;- алкогольдік, есірткілік мастықты немесе өзге де түрдегі улануды тудыратын заттарды пайдаланғаны үшін;- университетте құмар ойындарға қатысқаны үшін;- ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзғаны үшін;- университет мүлкін бүлдіргені үшін;- университет қабырғасында қоғамға жат жүріс тұрысы үшін. <p>4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін;</p> <p>5) өз қалауы бойынша (оның ішінде медициналық себептермен, отбасы жағдайлары бойынша; басқа білім және ғылым ұйымына ауысуына байланысты (ұйымнан жеке ісіне сұрау салу алған кезде және білім алушыларды ауысу арқылы қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі негізінде); және т.б.). Дәлелсіз себептермен 9 және одан да көп кредиттері</p>	
--	--	--	--

		<p>жойылмаған академиялық берешегі бар білім алушылар "академиялық үлгермеушілігі үшін" деген міндетті тұжырыммен оқудан шығарылады»;</p> <p>б) оқудың аяқталуына және академиялық дәреженің берілуіне байланысты және т. б.</p>	
20.	1.20 Транскрипт дегеніміз не?	<p>Транскрипт (Academic Transcript) - әріптік және сандық мәндегі кредиттер мен бағалары көрсетілген тиісті оқу кезеңінде меңгерілген пәндер тізімі бар құжат</p> <p>Транскриптте: білім алушының ТАӘ; мектептің/факультеттің атауы, мамандығы, курсы; оқыту ұзақтығы мен нысаны; кредиттер саны мен қорытынды бағалары көрсетіледі, қорытынды бағасы, оның ішінде FX және F бағаларын қоса алғанда білім алушы зерделеген барлық оқу пәндері және (немесе) модульдері көрсетіледі; үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) жазылады.</p> <p>Бұдан басқа, транскрипте оқудан шығу себептері (мысалы, академиялық үлгермеушілігі үшін) көрсетіледі.</p> <p>Транскрипт студенттің өтініші бойынша оның университетте оқыған кез келген кезеңі үшін тіркеуші кеңсесімен беріледі.</p>	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
21.	1.21 Пәнді басқа ЖОО оқып, ҚазҰМУ-да қайта санау мүмкін бе?	<p>Білім алушылар жекелеген пәндерді (білім беру бағдарламасы шеңберінде) басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде де оқи алады, оқыту нәтижелері арнайы құрылған комиссияның шешімімен танылады және қайта есептеледі (бұл берешегі бар пәндерге қатысты емес).</p> <p>Ол үшін Сіз тиісті деканатқа өтініш жазып, растайтын құжатты (оқыған пәннің көлемі мен бағасы көрсетілген сертификат/транскрипт) қоса беруіңіз қажет.</p> <p>Оқу нәтижелерін қайта есептеу жөніндегі комиссия шешім</p>	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

		шығарғаннан кейін сіздің пәндеріңіз транскриптке енгізіледі.	
22.	1.22 Университет басқа жоғары оқу орындарында, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, мектептерде бұрын игерілген кредиттерді студенттерге қайта санауды жүзеге асыра ма?	<p>Басқа жоғары оқу орындарынан ауыстырылған және қайта қабылданған студенттер үшін білім алушы қабылданатын білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкес бұрын оқыған пәндердің кредиттерін қайта есепке алу жүзеге асырылады.</p> <p>Орта, орта-кәсіптік оқу орындарының бұрын оқыған пәндерінің кредиттерін қайта есепке алу жүзеге асырылады. Мысалы, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (НЗМ) түлектері үшін Университет шет тілі, қазақ/орыс тілі, АКТ сияқты жалпы білім беретін пәндер циклынан пәндерді қайта есепке алады.</p> <p>Колледжді бітіргендер үшін бұрын игерілген пәндерді/оқу нәтижелерін қайта есепке ала отырып, қысқартылған оқу мерзімі бар бағдарламалар іске асырылады (Оқу мерзімі 2,5-3 жыл орта, жоғары білім базасындағы Фармация, орта білім базасында Мейірбике ісі – 2,5 жыл).</p>	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
23.	1.23 Стипендия кімдерге тағайындалады?	Мемлекеттік стипендия грант бойынша оқитын студенттерге, интерндерге, магистранттарға, сондай-ақ грант бойынша оқуға ауыстырылған, білім алушыларды аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша "жақсы", "өте жақсы" деген баға алған білім алушыларға тағайындалады және семестр мен каникул аяқталатын айдың соңына дейін	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

		<p>қоса алғанда, білім алушыларды аралық аттестаттаудан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап ай сайын төленеді. Егер модульдік пән ұзақтығы бір оқу жылы болса, онда стипендия модульге кіретін пәндерінің бірінші семестрінің қорытынды бағалары бойынша төленеді.</p> <p>Егер білім алушылардың академиялық берешегі болған жағдайда, жойылған берешектің нәтижелері кейінгі стипендияны тағайындау кезінде ескеріледі (берешегі болған кезде стипендия тағайындалмайды).</p> <p>Грант бойынша білім алатын докторанттарға, резидентура тыңдаушыларына мемлекеттік стипендия оқудың бүкіл мерзіміне тағайындалады және аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан оқудың бүкіл кезеңі бойы төленеді.</p> <p>Грант бойынша бірінші курсқа (оқудың бірінші жылына) қабылданған білім алушыларға бірінші семестрде мемлекеттік стипендия тағайындалады және бірінші семестр бойы ай сайын төленеді. Келесі семестрлерде студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия өткен семестрдегі білім алушылардың аралық аттестаттауы қорытындылары бойынша тағайындалады және төленеді.</p> <p>Мемлекеттік стипендияларды төлеу қағидаларымен сіз ЖОО-ның Академиялық саясатының 16-тармағында толығырақ таныса аласыз.</p>	
--	--	---	--

24.	<p>1.24 Қандай жағдайда студент өз шәкіртақысынан айырылады?</p>	<p>Егер аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша "қанағаттанарлық" және/немесе "қанағаттанарлықсыз" деген баға алса, студент келесі семестрге стипендиядан айырылады. Егер келесі емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін студент "жақсы" және "өте жақсы" бағаларын алса, онда оған қайтадан стипендия тағайындалады.</p> <p>Өте маңызды: егер білім алушы жазғы семестрде академиялық қарызын жоймаса және келесі курсқа ауысу академиялық қарызымен жүзеге асырылса, онда стипендия бар академиялық қарызды жойғанға дейін тағайындалмайды. Стипендия академиялық қарыз жойылған сәттен бастап келесі айдың 01-нен бастап тағайындалады.</p>	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>
25.	<p>1.25 Президент шәкіртақысын кімдер ала алады?</p>	<p>Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған Стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде де, ақылы негізде де тек "өте жақсы" (А, А -) оқитын 3-курстан бастап студенттерге және екінші оқу жылынан бастап магистранттарға тағайындалады.</p> <p>Стипендия білім алушылардың мынадай санаттарына тағайындалады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) республикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздарына немесе жаңалықтардың, өнертабыстардың авторларына; 2) ғылыми еңбектер жинақтарында, Республикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары барларға; 3) жетістіктері дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу 	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>

		<p>жұмысымен белсенді айналысатындарға; 4) білім беру ұйымдарының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысатындарға. Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Стипендия конкурстық комиссияның нәтижелері негізінде Сенаттың шешімі бойынша тағайындалады.</p>	
26.	<p>1.26 Магистратурада Президент шәкіртақысын кім ала алады?</p>	<p>Стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде де, ақылы негізде де күндізгі оқу нысанының екінші жылының магистранттарына тағайындалады. Стипендия білім алушылардың мынадай санаттарына тағайындалады: 1) барлық оқу кезеңінде үлгерімінің үздік бағалары барларға; 2) ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатындарға; 3) отандық, сондай-ақ халықаралық басылымдарда жарияланымдары бар;</p> <p>Стипендия конкурстық комиссияның нәтижесі негізінде Сенаттың шешімі бойынша тағайындалады.</p>	
<p>2. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ БОЙЫНША СҰРАҚТАР</p>			
27.	<p>2.1 Академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілікті қандай ішкі құжаттар реттейді</p>	<p>Академиялық адалдықтың бұзылуын реттейтін негізгі ішкі құжаттар: 1. Білім алушының академиялық адалдық Кодексі 2. ҚазҰМУ ПОҚ мен қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі</p> <p>Құжаттар университет сайтында орналастырылған</p>	

28.	<p>2.2 Академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілікті қандай ішкі құжаттар реттейді</p>	<p>1. 1-санатты академиялық бұзушылықтар үшін тәртіптік жазалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жазбаша ескерту; ✓ Қосымша тапсырманы орындау; ✓ Этика немесе Академиялық адалдық туралы жазбаша тапсырма немесе зерттеу жобасы; ✓ Тапсырма үшін " 0 " нөл ұпай; <p>2. 2-санаттағы академиялық бұзушылықтар үшін тәртіптік жазалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сөгіс; ✓ Жұмыс нәтижелерін жою арқылы пән бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға беріледі. <p>3. 3-санаттағы академиялық бұзушылықтар үшін тәртіптік жазалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) күн ішінде университеттен шығарылу. <p>1, 2 және 3 - санаттарға жататын бұзушылықтардың тізбесі Академиялық адалдық кодексінің 6.1-6.3 тармақтарында жазылған.</p>	
29.	<p>2.3 I санатқа қандай бұзушылықтар жатады?</p>	<p>1-санаттағы академиялық бұзушылықтар (кішігірім): Бұл бұзушылықтар тәжірибесіздіктен немесе академиялық принциптерді білмеуінен туындауы мүмкін және көбіне бұзушылық жасаған білім алушының адал емес ниеті салдарынан болмайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Басқа білім алушымен бірігіп шағын жұмыс жасау барысында, бірігіп жұмыс жасауға рұқсат етілмеген жағдайда; ✓ тапсырманың шағын бөлігінде ескертулердің немесе дереккөздерге тиісті сілтемелердің болмауы; 	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ келтірілген мәтінге сілтеме жасамай идеяны немесе жалпы дәйексөзді қолдану; ✓ алдыңғы бұзушылықтарсыз цитаталарды түсіру; 	
30.	2.4 II санатқа қандай бұзушылықтар жатады?	<p>II санатты академиялық бұзушылықтар (қатаң):</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ бұрын тәртіптік жаза қолданылғанына қарамастан, I санаттағы бұзушылықтың қайталануы; ✓ дереккөзін көрсетпей, тікелей дәйексөзді алу немесе қалыпты шектерде өзгертіп айту; ✓ бірнеше жұмыс түріне қойылатын талаптарды қанағаттандыру үшін басқа жұмыстың көшірмесі немесе маңызды бөлігі болып табылатын жұмысты ұсыну; ✓ зертханалық есептер үшін деректерді немесе түсіндірме материалдарды дерек көздерін немесе жұмысқа қатысушыларды дұрыс көрсетпей пайдалану; ✓ тапсырмаларды немесе жобаны орындайтын басқа адамдарды көрсету тәртібінің сақталмауы, мысалы, зерттеулерге, статистикалық талдауларға, компьютерлік бағдарламалауға, мәліметтерді жинауға, жазбаша жұмыстарға көмек көрсеткен кезде, егер мұндай көмек тапсырманың ажырамас бөлігі болса; ✓ емтихан кезінде басқа білім алушының емтихан парағынан жауаптарды көшіру, сөйлесу немесе емтихан аяқталғаннан кейін жұмысты жазуды жалғастыру (тек күндізгі оқу үшін қолданылады). ✓ емтихан кезінде мұғалімнің / емтихан алушының / проктордың рұқсатынсыз жауап парақтарын, ұялы телефондарды, компьютерлерді, кітаптарды, калькуляторларды және басқа материалдарды / 	

		<p>құрылғыларды пайдалану (тек күндізгі оқу бөлімінде қолданылады);</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ емтихан кезінде жауап парақтарын, қосымша қойындыларды және интернет-ресурстарды, қосымша ұялы телефондарды, кітаптарды, калькуляторларды пайдалану (емтиханды қашықтықтан тапсыру кезінде); ✓ Емтихан барысында көшіруге себепші болу; ✓ Емтихан барысында басқа адамның көмегіне жүгіну; ✓ жазбаша жұмыстардағы плагиат: эссе, реферат, презентация жазу бакалавриат және интернатура бағдарламаларында ішінара 40% дейін, резидентурада 35% дейін, магистратурада 30% дейін, докторантурада 25% дейін (шешім оқытушының жұмыс бөліктерін жеке-жеке толық қарастырғаннан кейін ғана қабылданады); ✓ Плагиат бакалавриатта дипломдық жұмысын жазу кезінде 30% -дан жоғары (70% өзіндік), магистратурада диссертациялық жұмыста 25% -дан жоғары (75% өзіндік), докторантурада диссертациялық жұмыста 15% -дан жоғары (85% өзіндік) - шешімді оқытушы немесе комиссия жұмыс деректемелерін жеке қарастырылғаннан кейін ғана қабылданады. ✓ АИС «Сириус»-тің жеке логині мен паролін үшінші тұлғаларға беру, жарияланған немесе резервтік материалдарды жою немесе бүлдіру немесе басқа студенттердің материалға қол жеткізуіне кедергі жасау; ✓ Тапсырманы ойдағыдай орындауға жол бермеуге бағытталған басқа білім алушының жұмысын бұзу; 	
31.	2.5 III санатқа қандай	III санатты академиялық бұзушылықтар (өрескел):	білім берудің барлық

	<p>бұзушылықтар жатады?</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. бұрын тәртіптік жаза қолданылғанына қарамастан, 2 санаттағы бұзушылықтың қайталануы; 2. кез-келген оқу жұмысын, емтиханды, курстық жұмысты, магистрлік немесе докторлық диссертацияны, ғылыми мақаланы, баяндаманы немесе басқа жұмыстарды орындау кезінде басқа адамның жұмысын өзінің жұмысы ретінде ұсыну; 3. қолдан жасалған немесе әдейі бұрмаланған материалдарды ұсыну арқылы деректерді қолдан жасау немесе бұрмалау; 4. бағалау ведомосттарын немесе басқа да бағалары бар құжаттарды қолдан жасау, оқытушыдан немесе емтихан қабылдаушыдан емтихан құжаттарын ұрлау/суретке түсіру, ұрланған емтихан материалдарын сатып алу, соның ішінде хакерлі әрекеттерді қолдану; 5. емтихан тапсыру үшін өзін басқа адаммен алмастыру немесе басқа адам орнына емтихан тапсыру; 6. емтихан кезеңіне дейін рұқсат етілмеген көздерден емтихан материалдарының көшірмелерін сатып алу немесе тарату; 7. емтихан барысында рұқсатсыз ақпарат алмасу әдісін ойластыру мақсатында білім алушылардың емтихан алдында сөз байласуы; 8. бөлімде көрсетілген кез келген әрекеттерді жасауды ұйымдастыру немесе жасау мақсатымен сөз байласу; 	<p>деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>
32.	<p>2.6 Жазбаша жұмыстар бойынша плагиатқа байланысты бұзушылықтар</p>	<p>Плагиат туралы жазбаша құқық бұзушылықтар 2 санаттағы (Ауыр) бұзушылықтар болып табылады, мұнда:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ жазбаша жұмыстардағы плагиат: эссе, реферат, презентация жазу бакалавриат пен интернатурада 40% дейін, резидентурада 35% дейін, магистратурада 30% 	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>

	<p>қандай санатқа жатады</p>	<p>дейін, докторантурада 25% дейін;</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жазбаша емтихан жұмыстарындағы плагиат; ✓ Дипломдық жұмыс барысында плагиат бакалавриаттың 30% -дан асатын (70% өзіндік), магистрлік диссертацияның 25% -дан жоғары (75% өзіндік), докторлық диссертацияның 15% -дан жоғары (85% өзіндік); <p>Шешім оқушының әр жұмысты жеке-жеке қарастырғаннан кейін ғана қабылданады.</p>	
33.	<p>2.7 Плагиат дегеніміз не?</p>	<p>Плагиат – академиялық адалдықты бұзушылық, бұл білім алушының өзіндік жұмысы ретінде ұсынылған, іс жүзінде басқа адам толығымен немесе жартылай орындаған тапсырманы қамтитын, басқа біреудің жұмысының нәтижесін қасақана немесе абайсызда иемдену.</p> <p>Плагиатқа басқа адамның жұмысын, идеясын немесе мәлімдемесін тиісті дерек көзіне сілтеме жасамай ұсыну да жатады.</p> <p>Толығырақ ҚазҰМУ студенттерінің академиялық адалдық Кодексінің «Академиялық адалдықты бұзудың түрлері мен деңгейлері» 5-тармағынан таба аласыз.</p>	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>

34.	2.8 Университеттегі академиялық адалдықты бұзу фактілерін кім қарайды?	<p>Университеттегі академиялық адалдықты бұзу фактілері бұзушылықтардың санаттарына байланысты қарастырылады; 2, 3 санаттағы бұзушылықтарды қарау үшін академиялық қызмет жөніндегі проректорының бұйрығымен арнайы комиссия құрылады. Академиялық адалсыздық істерді қарау тәртібі туралы қосымша ақпаратты академиялық адалдық Кодексінен қараңыз (7-тармақ).</p>  <pre> graph LR A[3 санатты бұзушылықтар бойынша комиссия] --> B[3 санатты бұзушылықтарды қарастырады] C[2 санатты бұзушылықтар бойынша комиссия] --> D[2 санатты бұзушылықтарды қарастырады] E[Кафедра] --> F[1 санатты бұзушылықтарды қарастырады] B --> G[Қайта қарау (апелляциялық) комиссия] D --> G F --> G </pre>	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
35.	2.9 Білім алушылардың академиялық бұзушылықтары транскриптте көрсетіледі ма?	Ия, білім алушының оқудан шығарылу себебі жазылады: академиялық адалдықты бұзғаны үшін, академиялық үлгермеушілік үшін, ішкі тәртіпті бұзғаны үшін және т.б.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
36.	2.10 Комплаенс парағы дегеніміз не?	Бұл академиялық адалдық Кодексінің, ішкі тәртіп, жатақханада тұру ережелерінің қысқаша мазмұны және ҚазҰМУ-ның басқа да актілері.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

		Оқу жылының басында КЕАҚ «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің» Академиялық адалдық Кодексінің негізгі ережелеріне түсініктеме жүргізіліп, білім алушылар адал болуға дайындығын растайтын Комплаенс парағына қол қояды.	
3 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ/ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ СҰРАҚТАРЫ			
37.	3.1 Бір білім бағдарламасынан (мамандықтан) басқа мамандыққа ауысуға болады ма?	<p>Бір білім бағдарламасынан (мамандықтан) басқаға ауысуға рұқсат етілген. Ауысу барысында білім бағдарламасының бағыты, профилі, білім алушының оқудағы жетістіктері, сонымен қатар академиялық адалдықты бұзу жағдайлары да ескеріледі.</p> <p>Басқа білім бағдарламасына ауысу тек ақылы түрде іске асырылады. Мысалы, егер білім алушы «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығынан «Жалпы медицина» мамандығына ауысса немесе керісінше болса, гранттан айырылады, білім алу тек ақылы түрде болады.</p> <p>Білім алушыларды ауыстыру кезінде оқу нәтижелерін қайта санау үшін Университетте тиісті комиссия құрылады. Өтініштер жазғы және қысқы демалыс кезінде, келесі семестр басталғанға 5 күн бұрын қабылданады. Ол үшін қажет:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қарызсыз 1 курстың бірінші семестрін толықтай аяқтау; 2. Пәндер бойынша академиялық айырмашылық 12 ECTS-тен, шет елдердегі білім мекемелерінен 18 ECTS-тен (соның ішінде пререквизиттік пәндер 12 ECTS-тен) артық болмауы тиіс. 3. ҰБТ сертификаты 65 баллдан кем емес болуы тиіс (1 курс үшін) 	Бакалавриат, интернатура, магистратурада білім алушыларға

		<p>4. Кейбір бағдарламаларға (Жалпы медицина, Мейірбикелік іс, Педиатрия, Стоматология) психометриялық емтихан нәтижелері болуы тиіс (1 курс үшін)</p> <p>!!! Мәліметтерді нақтылап алу үшін, алдын ала келесі семестрдің басталуына 2 апта бұрын деканатпен хабарласу қажет.</p>	
38.	<p>3.2 Ақылы оқу бөлімінен тегін (грант) оқу бөліміне қалай ауысуға болады?</p>	<p>Білім алушыларды ақылы оқудан босаған білім беру гранттарына ауыстыру конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурсқа академиялық қарызы, бағдарламада айырмашылығы жоқ, қаржылай қарызы жоқ білім алушылар қатыса алады. Конкурс аралық аттестаттау нәтижелері бойынша, білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті бере отырып өткізіледі.</p> <p>Ауысу тәртібі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Университет ағымдағы оқу жылының 5 тамызына дейін 1 ай бұрын (яғни 5 шілдеде) және 15 қаңтарға дейін (яғни 15 желтоқсанда) бос білім беру гранттарына ауысуға университет сайтында конкурс жариялайды, ақпарат университеттің сайтының «Жаңалықтар» бөлімінде жарияланады. 2. Ақылы негізде білім алушы ААЖ «Сириус»-тегі жеке кабинеті арқылы ректордың атына ары қарай білім беру гранты бойынша білім алуға және конкурсқа қатысуға өтініш қалдырады. 3. Өтініш қабылданғаннан кейін жүйе автоматты түрде GPA балл мен А, «А- тан F- ке дейінгі бағалар жиынтығын шығарады. Тіркеу кеңсесінің инспекторлары білім алушылардың қағаз түріндегі 	<p>Бакалавриат және интернатурада білім алушыларға</p>

		<p>өтініші мен жеке куәліктерінің көшірмелерін тексереді, содан кейін олар ААЖ «Сириус»-та конкурсқа қатысуға рұқсат береді;</p> <ol style="list-style-type: none">4. ААЖ «Сириус»-та білім алушының жеке кабинетінде көрсетілетін, мамандығы мен курсы бойынша үлгерімінің орташа GPA есептік көрсеткіші қалыптасады.5. Сұрыпталған есеп мектеп және факультет Комиссияларына қарауға ұсынылады.6. Мектеп және факультет Комиссиялары аралық аттестация нәтижелері бойынша, барлық оқу мерзіміндегі үлгерімінің орташа GPA есептік көрсеткіші негізінде конкурс өткізеді. Егер бірдей көрсеткіш байқалған жағдайда бар оқу мерзімі бойынша тек А, А- («өте жақсы») бағалары бар студенттер басымдыққа ие болады, содан кейін А, А- («өте жақсы») бастап В +, В, В- («жақсы») дейін бағалар, содан кейін - аралас бағалар.7. Бос білім беру гранттарын алуға үміткерлеріне мектептер мен факультеттер комиссиясының хаттамаларынан көшірмелері Сенаттың қаралуына ұсынылады;8. Сенат шешімімен мектеп және факультет декандары үш жұмыс күн аралығында қысқы және жазғы емтиханда жоғарғы нәтиже көрсеткен, бос білім беру гранттарына үміткерлердің тізімін және мамандық пен курстары бойынша бос білім беру гранттарының саны көрсетілген тізімді университеттің сайтында жариялайды.9. Университет Сенат пен Директорлар кеңесінің	
--	--	---	--

		<p>шешіміне сүйене отырып, ағымдағы жылдың 5 тамызы мен 15 қаңтарына дейін барлық құжаттарды ҚР Білім Министрлігіне жібереді. (білім алушының өтінішіне Сенаттың шешімімен бірге студенттің транскрипті, оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және университеттен шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқасы) қоса тіркеледі);</p> <p>10.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қабылданған құжаттарды оқуға түскен жылын ескере отырып, мамандығы, оқу нысандары мен оқу мерзімі аясында қарастырады және оң шешім қабылданған жағдайда, бос білім грантын тағайындау туралы бұйрық шығарады.</p> <p>11.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы негізінде бос білім грантын тағайындау туралы куәлік рәсімделеді;</p> <p>12.Білім беру грантын тағайындау туралы берілген куәлік негізінде КЕАҚ ҚазҰМУ ректорының ары қарай білім беру гранты бойынша білім алуы туралы бұйрығы шығарылады.</p>	
39.	<p>3.3 ҚазҰМУ-дан білім грантын сақтай отырып ауысуға бола ма?</p>	<p>ҚазҰМУ-ға бекітілген білім беру гранттары бойынша(квота бойынша) оқуға түскен білім алушылар басқа жоғарғы оқу орнына тек ақылы түрде ауыса алады, сонымен қатар өзінің білім грантынан айырылады (ол ЖМ, Педиатрия, ҚДС, МІ, Стоматология, Фармация мамандықтары).</p> <p>Білім және ғылым Министрлігінің жалпы конкурсы бойынша бакалавриат (ТФП, Менеджмент), магистратураға оқуға түскен білім алушылар басқа ЖОО-на білім грантын сақтай отырып ауыса алады.</p>	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>

		Мемлекеттік білім грантын сақтай отырып басқа ЖОО-нан ауысып келген студенттер қайтадан басқа ЖОО-на ауысуға ниет білдірсе, білім беру грантын сақтай отырып ауысуға құқылы.	
40.	3.4 Оқуды жалғастыру үшін білім алушылар тізіміне қайта қосылуға бола ма?	Оқудан шығарылу мерзіміне қарамастан, білім алушылар Университеттің ақылы бөліміне қайта қабылдануына құқылы. Білім алушының жеке жоспарына сәйкес 1-ші семестрді толық аяқтау қайта қабылдаудың негізгі шарты болып табылады. Білім алушы 12 ECTS-тен артық емес академиялық айырмашылығын ескере отырып, кез-келген мамандыққа қайта қабылдануына құқылы.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
41.	3.5 Білім алушыларға оқу барысында академиялық демалыс алуға болады ма және қанша мерзімге?	Білім алушы мынандай жағдайларда академиялық демалыс алуға құқылы: <ul style="list-style-type: none"> - Медициналық көрсеткіштер бойынша (ДКК анықтама); - ҚР әскери қызметіне шақыртылуы бойынша; - Босану, бала асырап алу жағдайында, бала 3 жасқа толғанға дейін; Медициналық көрсеткіштерге байланысты академиялық демалыс алған білім алушылардан басқа, барлық академиялық демалыстағы білімгерлерге мемлекеттік шәкіртақы төленбейді. Академиялық демалыстан оралған кезде білім алушы оқуын осы демалысты ресімдеген курстан бастап жалғастырады. Бұйрықта көрсетілген мерзімде оқуға қайта оралмаған білім алушылар, оқу тәртібін бұзғаны үшін оқудан шығарылады.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
4 СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР			
42.	4.1 Академиялық	Студенттердің ҚР басқа ЖОО-да немесе шетелде триместр,	білім берудің барлық

	ұтқырлық дегеніміз не?	семестр немесе 1 оқу жылы мерзімінде білім алуы. Өткізілген барлық пәндер студенттің транскриптіңде көрсетіледі және өз университетінде кредиттер мен бағалармен есептелетін болады. Сонымен қатар, ҚазҰМУ мен тиісті университет арасында ынтымақтастық туралы меморандум/келісім міндетті түрде жасалуы керек.	деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
43.	4.2 Академиялық ұтқырлық бойынша оқуға қалай баруға болады?	Академиялық ұтқырлық бойынша: өз есібіңізден, мемлекеттік қор есебінен, университеттің бюджеттен тыс қорынан, ұлттық компаниялардың, әлеуметтік серіктестер, халықаралық қорлардың гранттары есебінен, ERASMUS + бағдарламасы және т.б. есебінен оқуға баруға болады. Ол үшін студент деканатқа портфолиосы (мадақтау қағазы, сертификаттарын, мақалалар) мен өтінішін қалдыру керек. Толық ақпаратты университеттің сайтынан /www.kaznmu.kz /құқықтық сілтеме, Академиялық саясат алуға болады. Университет ұсынған Академиялық ұтқырлық бағдарламалары туралы ақпаратты университеттің сайтындағы жаңалықтар порталынан немесе деканаттан алуға болады.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
5. КІТАПХАНА БОЙЫНША СҰРАҚТАР			
44.	5.1 Сириусте электронды кітаптарды қалай табуға болады?	Сириусте ҚазҰМУ оқытушылары мен студенттері әдебиеттерді кітапхана модулі арқылы таба алады. Ол жерде – электронды каталог, электронды ресурстарды табуға болады, сонымен қатар кітапқа және мақалаға керекті оқу – әдістемелік жиынтықтарға тапсырыс беруге болады. Электрондық каталог толық мәтінді кітаптармен, әр ақпарат көзінің сипаттамасымен, электронды ресурстармен ұсынылған. Сонымен қатар өзіңізге қандай кітаптар	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

		жазылғанын біле аласыз. Сириуска логин және пароль арқылы кіру: https://sirius.kaznmu.kz/lib https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1TgP_O8lYy50AydiLWB5jrNQR7nb6Xs9N (эл.кітаптарды іздеу алгоритмі)	
45.	5.2 Web of Science, Scopus, Sciencedirect и EBSCO электронды ресурстарына қалай тіркелуге болады?	Web of Science, Scopus, Sciencedirect и EBSCO ресурстарына тек ҚазҰМУ-дегі университеттік серверге қосылған компьютерлер арқылы (Ғылыми кітапхана) қосылуға болады, тіркелгеннен кейін электронды ресурстарға кез келген жерде, интернетке қосылған құрылғылармен қосылуға болады. Бірақ сіз 6 ай сайын ҚазҰМУ-ға келіп, растау үшін өз логиндеріңізбен және паролдарыңызбен ресурстарға кіріп отыруыңыз қажет. Барлық сұрақтар бойынша Ғылыми кітапхананың мегерушісі Сабенова Лариса Тынышғалиевнаға хабарласыңыз. +77079026201	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
46.	5.3 Мен басқа қалада тұрамын, пандемияға байланысты келіп ресурстарға тіркелуге мүмкіндік болмай тұр.	Сіз бізге хабарласу арқылы қашықтықтан тіркеліп, логин мен пароліңізді ала аласыз. Электронды мекен-жай - bibkaznmu@mail.ru . Бізге сұрақтарыңызды жазсаңыз болады. Мына телефондар бойынша хабарласуға болады: 338-70-90 вн. 7285, 7286, 7062; ұялы: +7 707 902 62 01	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
47.	5.4 Ғылыми кітапхананың жеке сайты мен электронды мекен жайы бар ма?	Иә, Ғылыми кітапхананың жеке сайты - lib.kaznmu.kz . Сайттан барлық ақпаратты, мекен жайды, жұмыс уақытын, әкімшілік телефондарын, жаңалықтарды біле аласыз, сонымен қатар сайтта электронды каталог ҚАКИЖ (Интернет) орналастырылған. Электронды адрес – bibkaznmu@mail.ru . Сұрақтарыңыз болса хабарласыңыздар.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

48.	5.5 Электронды кітапханада кітапты жүктеп алуға болады ма?	Кітапты жүктей алмайсыз. Кітапты кез келген уақытта онлайн оқуға болады.	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
6. БАСҚА ДА СҰРАҚТАР			
49.	6.1 Студенттер дауыс беру құқығымен қандай алқалы органдарға қатыса алады? Өз ұсыныстарыңызды ұсыну	Студенттер мүше ретінде келесі алқалы органдарға қатыса алады: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сенат ✓ Сенаттың Академиялық/ғылыми/клиникалық комитеттері ✓ Білім беру бағдарламалары комитеті ✓ Мектеп кеңесі ✓ Деканат кеңесі ✓ Бос білім беру гранттарын бөлу жөніндегі комиссия ✓ Жатақханаларды бөлу жөніндегі комиссия және т.б. 	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
50.	6.2 Университет студенттерге қандай әлеуметтік көмек көрсетеді?	Университетте студенттерді әлеуметтік қорғаудың басым бағыттары: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Аз қамтылған және көп балалы отбасыларындағы студенттерге, сондай-ақ мүгедектер мен жетім балалар қатарынан шыққан студенттерге көмек пен қолдау көрсету (жатақханалармен қамтамасыз ету, оқу ақысына жеңілдіктер беру және т.б.); ✓ Ерекше қажеттіліктері бар студенттерге көмек көрсету; ✓ Әлеуметтік – психологиялық көмек көрсету, әлеуметтік осал санаттағыларға әлеуметтік және медициналық қолдау, ерікті көмек көрсету; <p>Толық ақпарат университеттің сайтында көрсетілген.</p>	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
51.	6.3 Оқу ақысын	Университет оқу ақысына жеңілдік беру арқылы материалдық көмек көрсетеді:	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім

	<p>жеңілдетуге кім құқылы?</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Жетімдерге - 18 жасқа толған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге - Бір ата-ананың тәрбиесінде болған студенттерге (жалғызбасты ана, бір ата-ананың қайтыс болуы) - Студенттің ауыр немесе созылмалы ауруларының болуы - Мүгедек студенттерге немесе ата-анасы 1-2 топтағы мүгедек - Көпбалалы отбасынан шыққан студенттерге - Университет қызметкерлерінің балаларына <p>Толық ақпарат алу үшін (мысалы: қандай құжаттар қажет) сәйкес деканатқа хабарласыңыздар.</p>	<p>алушылар үшін</p>
<p>52.</p>	<p>6.4 Студенттер өз ұсыныстарын немесе шағымдарын қалай және қайда жаза алады?</p>	<p>Студенттер өз ұсыныстарын немесе шағымдарын ең алдымен деканатқа хабарласу арқылы жаза алады. Сонымен қатар студенттер сайт арқылы, Call center, Телеграмм каналы және Facebook, Instagram әлеуметтік желілері арқылы шағымдана немесе ұсыныс білдіре алады. Университетте Студенттік үкімет жұмыс істейді, ол арқылы студенттер өздерінің тілектері мен ұсыныстарын декандарға немесе академиялық қызмет бойынша проректорға жеткізе алады.</p> <p>https://instagram.com/kaznmu https://www.facebook.com/KazNMU</p> <p>Сонымен қатар білім беру қызметінің сапасын жақсарту мақсатында оқу аяқталғанда АИС «Сириус» - те жасырын сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижесі бойынша келген ұсыныс пен шағымдарға, студенттің қанағаттанбау себептеріне сараптама жүргізіліп, мектептер ПОҚ –мен</p>	<p>білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін</p>

		жұмыс жасап, педагогикалық қызметті жетілдіру бойынша шаралар жүйесі әзірленеді.	
53.	6.5 Студент оқу орнынан анықтама қалай алады?	<p>Оқу орнынан анықтама оқуға қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін ғана беріледі.</p> <p>Өтінім алгоритмі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. https://sirius.kaznmu.kz/student/ сайтына кіру қажет 2. Жеке кабинетінің логині мен паролін енгізу. 3. «Анықтама модулін» таңдау 4. «Анықтама модулінде» тізімдер ішінен қажетті анықтама түрін таңдау 5. Өтінім қалдыру 6. Анықтамаға декан, академиялық қызмет бойынша проректор электронды цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалану арқылы қол қояды. 7. Анықтамаға қол қойылғаннан кейін басып шығарып алуға болады. 	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
54.	6.6 Қандай мекемелерге анықтама беріледі?	<p>Анықтама беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мектептерге - Банкке (банк картасын рәсімдеу үшін) - ОҢАЙ транспорттық картасын алу үшін - Оқу ақысына жеңілдік алу үшін (категорияға сәйкес) - Конкурсқа қатысу үшін - Әлеуметтік төлемдер мен басқа да төлемдерді алу үшін ХҚО-ға ұсыну үшін - ҚР әскери қызметіне шақыртылуды кейінге шегеру үшін - Ата-аналарының жұмыс орнына - Қажеттілігіне байланысты басқа да органдарға (анықтаманы беру мақсаты мен мекеменің толық аты берілген жағдайда) 	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін

55.	6.7 Оқу билетін, сынақ кітапшасын, студенттік билетті алуға болады ма?	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде қолданатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бұл құжаттардың күші жойылды. Қазіргі жағдайда студенттерге ID карта беріледі.</p> <p>Студенттің ID картасы дегеніміз – контактісіз пластикалық, фотосуреті бар дербестендірілген құжат. Ол:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Студенттік билет, - Оқу билеті, - Университеттің оқу ғимараттарына кіруге рұқсат қағазы болып табылады. ID карта тегін беріледі! <p>COVID-қа байланысты эпиджағдайларда университет ғимараттарына кіруге шектеу қойылған (қашықтықтан оқыту кезеңдерінде) ID карта уақытша берілмейді.</p>	білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылар үшін
7. ИНТЕРНАТУРА ЖӘНЕ РЕЗИДЕНТУРА БОЙЫНША СҰРАҚТАР			
56.	7.1 Интернатура қанша жыл оқытылады?	2020 жылға дейін қабылданған білім алушыларға интернатурада оқу мерзімі – 2 жыл, 2020 ж. бакалавриаттың 1 курсына қабылданған білім алушылар үшін – 1 жыл.	Бакалавриат және интернатурада білім алушыларға
57.	7.2 Интернатура оқытудың қандай бағыттарын қамтиды?	2019-2020 оқу жылынан бастап кадрларды даярлау тек «Жалпы тәжірибелік дәрігер» бағытында іске асырылады.	Бакалавриат және интернатурада білім алушыларға
58.	7.3 Интернатура / резидентура аяқталғаннан кейін қызмет қанша	<p>Үкіметтің № 390 қаулысына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде медициналық мамандықтар бойынша оқуға түскен азаматтар қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдарында оқу бітіргеннен кейін кемінде үш жыл жұмыс істейді. 	Бакалавриат және интернатурада білім алушыларға

	жылды құрайды?		
59.	7.4 Егер интерн 7-ші курста ғана білім грантын алса, оқу бітіргеннен кейін 3 жыл жұмыс істей ме?	Иә, ҚР Үкіметінің 30 наурыз 2012 ж. №390 «Маманды жұмысқа бағыттау ережелеін бекіту» қаулысына сәйкес. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде медициналық мамандықтар бойынша оқуға түскен азаматтар қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдарында оқу бітіргеннен кейін кемінде үш жыл жұмыс істейді.	Интернатурада білім алушыларға
60.	7.5 Қандай санаттардағы бітірушілер интернатура немесе резидентурадан кейін 3 жыл қызмет етуден босатылады?	ҚР Үкіметінің 30 наурыз 2012 ж. №390 «Маманды жұмысқа бағыттау ережелерін бекіту» қаулысына сәйкес: <ul style="list-style-type: none"> - 1-2 топтағы мүгедектер - 3 жасқа дейінгі балалары бар әйел адамдар - ДҚК анықтамасы бар жүкті әйелдер - Магистратура немесе резидентураға түскендер 	Бакалавриат және интернатурада білім алушыларға
61.	7.6 Жұмыспен өтеуді жеке медициналық ұйымдарда өтуге болады ма?	ҚР Үкіметінің 30 наурыз 2012 ж. №390 «Маманды жұмысқа бағыттау ережелеін бекіту» қаулысына сәйкес: «4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде медициналық мамандықтар бойынша оқуға түскен азаматтар қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдарында оқу бітіргеннен кейін кемінде үш жыл жұмыс істейді».	Интернатурада және резидентурада білім алушыларға
62.	7.7 Интернатураны аяқтағаннан кейін шетелге оқуға түсе алады ма? 3 жылдық жұмыспен өтеу қалай болады?	Иә, магистратура немесе резидентураға түскен жағдайда. Оқуға қабылданғаны туралы бұйрықты көрсеткен жағдайда 3 жылдық жұмыспен өтеу оқу аяқталғанға дейін шегеріледі.	Интернатурада және резидентурада білім алушыларға

63.	7.8 Интернатура түлектерді қандай мекемелерде жұмыс жасай алады?	Интернатура түлектері тек алғашқы медициналық мекемелерде – БМСК көрсететін мекемелерде жұмыс істей алады	Интернатурада білім алушыларға
64.	7.9 Интерндер мен резиденттердің профессорлық емханаларда тіркелуі міндетті ме?	«Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ережесін және алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына қосылу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі No 281 бұйрығы. БМСК ұйымының қызметі медициналық ұйымды таңдау құқығын ескере отырып, олардың тұрғылықты жері және (немесе) тіркелген жері бойынша тұрғындарға медициналық көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында аумақтық принципке негізделген. Профессорлық емханаға тіркеу бакалавриаттың 1 курсынан басталады және интернатурада жалғаса береді. Резиденттер медициналық көмек алу мақсатында өз бетінше емхана таңдай алады.	Интернатурада және резидентурада білім алушыларға
65.	7.10 Резиденттерге ОНАЙ транспорттық карта беріледі ме?	Резиденттерге «ОҢАЙ» транспорттық картасы берілмейді.	Резидентурада білім алушыларға
66.	7.11 1 оқу жылында резиденттер қалай білім алады?	Егер тиісті ЕПМ- ден шығарылғаны туралы құжат бермесе, 2020 жылдың 30 маусымындағы ДС Министрлігінің комиссиясының бөлу шешімі бойынша бітіруші-резиденттер 2020 жылдың 1 желтоқсанына дейін үлестірілген ЕПМ-де болады.	Резидентурада білім алушыларға

67.	7.12 Резидентурада білім алу уақыты	Резиденттің жұмыс уақыты айына 4 кезекшілікті есептей отырып 8:00-ден 17:00 – ге дейін	Интернатурада және резидентурада білім алушыларға
68.	7.13 Интерн/резиденттер жұмыс істей алады ма?	Иә, болады. Тек сабақтан тыс уақытында және 0,5 ставкадан аспауы тиіс.	Интернатурада және резидентурада білім алушыларға